



Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ
«Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2022 – 2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары

Бағыты: жаратылыстану-математикалық

2022-2023 оқу жылына арналған ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ

ТҮСІНІК ХАТ

2022-2023 оқу жылында ерекшеліктердің бірі оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

«Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;

«Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;

«Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

Бастауыш мектептегі ҰОЖ өзгерістері 2022-2023 оқу жылының 1-сыныбынан білім алатын білім алушыларға қатысты. ҰОЖ өзгертулер кезең-кезеңімен енгізіледі.

1-сынып – 2022-2023 оқу жылы;

2-сынып – 2023-2024 оқу жылы;

3-сынып – 2024-2025 оқу жылы;

4-сынып – 2025-2026 оқу жылы

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

1-сыныпта – 1 сағатты;

2-сыныпта – 1 сағатты;

3-сыныпта – 1 сағатты;

4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға ұсынылады. 5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына бөлінеді. Музыка сабағында домбырада ойнауды үйренуді жалғастыру қажет.

«Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі» КММ-де 2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2022 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Қыналы негізгі орта білім беретін мектебінде барлығы – 48 оқушы бар.

Класс комплектілер саны – 9/7

Бастауыш білім беру деңгейінде класс комплекті саны – 4/3

Негізгі орта білім беру деңгейінде класс комплекті саны – 5/4

Біріктіріліген сыныптар: 2-4кл, 5-7кл

Оқыту тілі- қазақ . 2 ауысымда. 5күндік оқу жүйесімен оқытылады. Сабақтың ұзақтығы-45 минут.

**«Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2022- 2023 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары:**

1) 1-4- сыныптарда білім беру процесі:

- ✓ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

2) 5-9-сыныптарда білім беру процесі:

- ✓ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
- ✓ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|------------------------------------|-------------------------------------|-----------|-----------|----------|-----------|----------------------|---------------|
| | | 1 | 3 | 2 | 2+4 | 4 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | | |
| | Тіл және әдебиет | 6 | 11 | 7 | 4 | 7 | 35 | 1254 |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | | | | | 6 | 210 |
| 2 | Қазақ тілі | | 4 | 4 | | 4 | 12 | 432 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | | 3 | 3 | | 3 | 9 | 324 |
| 4 | Орыс тілі | | 2 | | 2 | | 4 | 144 |
| 5 | Шетел тілі | | 2 | | 2 | | 4 | 144 |
| | Математика және информатика | 4,5 | 6 | 4 | 1 | 5 | 20,5 | 733,5 |
| 6 | Математика | 4 | 5 | 4 | | 5 | 18 | 644 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | | 1 | | 2,5 | 89,5 |
| | Жаратылыстану | 1 | 2 | 1 | 0 | 2 | 6 | 215 |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 2 | 1 | | 2 | 6 | 215 |
| | Адам және қоғам | 1 | 1 | 0 | 1 | 0 | 3 | 107 |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | | 1 | | 3 | 107 |
| | Технология және өнер | 3 | 2 | 1 | 2 | 0 | 8 | 285 |
| 10 | Музыка | 1 | 1 | | 1 | | 3 | 107 |
| 11 | Көркем еңбек/Еңбекке баулу | | 1 | | 1 | | 2 | 72 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | | | | | 1 | 35 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | | 1 | | | 2 | 71 |
| | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 0 | 3 | 12 | 429 |
| 14 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | | 3 | 12 | 429 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 18,5 | 25 | 16 | 8 | 17 | 84,5 | 3023,5 |
| Вариативтік компонент | | | | | | | | |
| Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | | 1 | 1 | 2 | | 1 | 5 | 179 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 1 | 1 | 1 | 1 | 0 | 4 | 143 |
| | Қызықты математика | 1 | | | | | 1 | 35 |
| | Математика және логика | | 1 | | | | 1 | 36 |
| | Ғажайып әлем | | | 1 | | | 1 | 36 |
| | Математика әлемінде | | | | 1 | | 1 | 36 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | 19,5 | 26 | 17 | 9 | 17 | 95,5 | 3227,5 |

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі
орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|-----------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------|-------------|-----------|-------------|-------------|-----------|-------------------------|-------------|
| | | 5 | 5 + 7 | 7 | 6 | 8 | 9 | апталы қ | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | | | |
| | Тіл және әдебиет | 5 | 6 | 5 | 11 | 11 | 11 | 49 | 1764 |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | | 3 | 3 | 2 | 2 | 13 | 468 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | | 2 | 2 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | | 3 | | 3 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| 4 | Шетел тілі | | 3 | | 3 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| | Математика және информатика | 5 | 1 | 5 | 6 | 6 | 6 | 29 | 1044 |
| 5 | Математика | 5 | | | 5 | | | 10 | 360 |
| 6 | Алгебра | | | 3 | | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 7 | Геометрия | | | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 8 | Информатика | | 1 | | 1 | 1 | 1 | 4 | 144 |
| | Жаратылыстану | 2 | 0 | 7 | 2 | 8 | 8 | 27 | 972 |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | | | 2 | | | 4 | 144 |
| 10 | Физика | | | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 11 | Химия | | | 1 | | 2 | 2 | 5 | 180 |
| 12 | Биология | | | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 13 | География | | | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| | Адам және қоғам | 3 | 0 | 3 | 3 | 3 | 4 | 16 | 576 |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | | 2 | 2 | 2 | 2 | 10 | 360 |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 180 |
| 16 | Құқық негіздері | | | | | | 1 | 1 | 36 |
| | Технология және өнер | 2 | 1 | 0 | 3 | 1 | 1 | 8 | 288 |
| 17 | Музыка | 1 | | | 1 | | | 2 | 72 |
| 18 | Көркем еңбек | 1 | 1 | | 2 | 1 | 1 | 6 | 216 |
| | Дене шынықтыру | 0 | 3 | 0 | 3 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| 19 | Дене шынықтыру | | 3 | | 3 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 17 | 11 | 20 | 28 | 32 | 33 | 141 | 5076 |
| Вариативтік компонент | | | | | | | | | |
| Жаһандық құзыреттілік | | | 0,5 | | 0,5 | 0,5 | 1 | 2,5 | 90 |
| Элективті курстар | | | | | | | | 0 | 0 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 0 | 0,5 | 0 | 0,5 | 0,5 | 1 | 2,5 | 90 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | 17 | 11,5 | 20 | 28,5 | 32,5 | 34 | 143,5 | 5166 |

«Қаралды» Б.Ф.
Пед кеңесте № _____
«31» 08 2022жыл

«Бекітемін» Ж.К.Қалиева
Мектеп директоры



«Келісілді» Б.Д.Сейлханов
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

«Математика әлемінде»

(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Сыныбы: 4

Пән мұғалімі: Такенова Н.А.

Ә/Б отырысында қаралды: Ж.С.Жапакова
Ә/Б жетекшісі

Хаттама № 1 «08» 08 2022ж

Тексерілді: Б.Д.Куанышева
Оқу ісінің меңгерушісі

Түсінік хат

«Математика әлемінде» факультатив курсы аптасына 1-сағаттан, жылына 36 сағат жүктеме берілген. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың, математикадан алған білімін, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жасалды. Бұнда тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейлері ескерілді.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы-дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар. Есеп зерделілікке, қиялдауға, тапқырлыққа, еңбектену білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

Мақсаты:

- Оқушылардың математикалық білімдерін одан әрі тереңдету, қабілеттерін дамыту, математиканың әр алуан қолданымдарын көрсету, олардың математика пәніне деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға комплекс сан ұғымын түсіндіру, комплекс сандарға қолданылатын амалдармен таныстыру, дискриминантты теріс квадраттық теңдеулерді шешуді үйрету, рационал өрнектердің қарапайым түрлерімен, комплекс санның геометриялық бейнесімен оқушыларға комплекс сандар туралы тарихи мағлұмат беру;
- Оқушылардың математикалық ойлауын дамыту, математикалық мәдениетке тәрбиелеу. Оқушылардың математикаға деген ықыласының тиянақты болуын қамтамасыз ету;
- Оқушылардың алған теориялық білімдерін есептерді шығаруда, практикада қолдана білуге үйрету.

Міндеттері:

- Оқушылардың математикалық білім, икемділік және машықтардың белгілі көлемін игеру;
- Логикалық ойлауы мен дүниетанымын қалыптастыру;
- Еңбекке бейімділік және т.б. қасиеттерді қалыптастыру;
- Оқушылардың шығармашылық қиялдау қабілетінің дамуы;

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылардың білімін тиянақтау мақсатында түрлі ойын түрлерін пайдалана білу;
- Берілген есептердің шығарылу тәсілдерін біліп, оны ұғыну;
- Математика сабағына оқушының ой еңбегі мен қабілеті артады;
- Шапшаңдық, белсенділік, шығармашылық қабілеті артады;
- Тыңдай отырып, ойлана білуі дамиды;

Мазмұндық бөлім.

I-бөлім. «Математикалық ойлау есептері»-8- сағат.

Өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру. Сурет бойынша кері есептер құрастыру. Ондықтарды ауызша қосу, азайтуға арналған есептерді тереңірек меңгерту. Мәтінді еспке байланысты теңдеу құрастыру. Оқушылармен білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. «Мысалды тап», эстафеталық ойлау есептермен қызығушылықтарын туғызып, ойната отырып есептерді шығарту. Есептерді еркін, жылдам, әрі дұрыс орындату.

II-бөлім. «Ойнай, ойлай біл»- 8-сағат.

Екі таңбалы сандарды қосу, азайтуға берілген есептерді меңгерту. Өрнектер, жақшалы есептерде амалдарды орындау тәртібін сақтау. «Біз есептей аламыз» ойын, логикалық ойлау есептері, тесттер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін және математика пәнінен қызығушылықтарын арттыру.

III-бөлім. «Геометриялық фигуралар және шамалар»-10 сағат.

Геометриялық шамаларды (тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы) ажырату, фигуралардың бұрыштарын (сүйір, доғал, тік) табу, қабырғаларын есептей отырып периметрін табуға машықтандыру. Шамалар туралы түсініктерін кеңейту. Ұзындық, масса, сыйымдылық, уақыт бірліктеріне байланысты есептер шығару, құрастыру. «Көңілді санау» ойыны, санамақ түрлерімен танысу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.

IV-бөлім. «Кестелік көбейту мен бөлуге»-10 сағат.

Сандарды көбейту мен бөлуге есептер шығару. «Вагон құрастыр», «Сиқырлы дөңгелек» ойындарын сызу, шешімдерін әр түрлі тәсіл арқылы шығару. Қызықты математикалық есептер құрастыру, шешімдерін табу, бір-бірін тексере алуға баулу. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім деңгейлерін тексеру.

Ақпараттық әдістемелік бөлім

«Математика әлемінде» бейімделген бағдарламасы 4- класқа 36- сағатқа құрылды. Курстың практикалық бағыты оқу қабілеттерін дамытуға және алған білімін іс жүзінде әр түрлі тапсырмаларды орындауда қолдануға мүмкіндік береді. Бағдарлама оқушының ақыл-ойының дамуына, логикалық ой-өрісінің кеңейуіне танымдық қабілеттерінің дамуына көп көмегін тигізеді.

Жұмыс оқушылардың математика пәніне қызықтыру мақсатын көздейді. Математикалық жұмбақтар, математикалық ойындар, логикалық есептер оқушылардың жас шамасына шақталып алынды. Әр түрлі заттар мен ойындар арқылы талдау мен салыстыруға математикалық заңдылықтарды ашуға көмектеседі.

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылардың білімін тиянақтау мақсатында түрлі ойын түрлерін пайдалана білу;
- Берілген есептердің шығарылу тәсілдерін біліп, оны ұғыну;
- Математика сабағына оқушының ой еңбегі мен қабілеті артады;
- Шапшаңдық, белсенділік, шығармашылық қабілеті артады;
- Тыңдай отырып, ойлана білуі дамиды;

Оқушыларды мынадай шарттар бойынша бағалаймын:

«**жасыл**»-өтілген материалды толық меңгеріп, есептерді өзбетінше шығарған жағдайда;

«**сары**»-алған білімдерін және шығармашылық жұмыста пайдалана білген жағдайда;

«**қызыл**»-оқушы өтілген тақырыптың мазмұнын толық меңгермеген, есептерді шығару барысын көмекке жүгінген жағдайда қойылады;

Нормативтік бөлім.

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Көрнекілігі | Қолданылған әдебиеттер | Сағат саны | уақыты |
|---|---|---------------------------|-----------------------|---|------------|--------|
| 1.«Математикалық ойлау есептері» – 8- сағат. | | | | | | |
| 1 | Разрядтық қосылғышта рдың қосындысы.. | Түсіндіру | Интерактивті тақта | «Қосымша есептер» | 1 | |
| 2 | Кері есептер құрастыру. | Логикасын дамыту. | Таратпа | Логикалық есептер | 1 | |
| 3 | Эстофеталық ойлау. | Шапшаң ойлату. | Үлістірмелі қағаздар. | «Қосымша есептер» | 1 | |
| 4 | Ондықтарды қосу және азайту. | Түсіндіру. | Таратпа | Математикалық дида. ойындармен қызықты тапсырмалар. | 1 | |
| 5 | Теңдеуге байланысты есептер. | Түсіндіру. | Таратпа. | Қосымша есептер | 1 | |
| 6 | Өрнектерді салыстыру. | Танымын кеңейту. | Интер. тақта. | Математикалық дида. ойындармен қызықты тапсырмалар. | 1 | |
| 7 | Сурет бойынша кері есептер құрастыру. | Логикасын дамыту. | Интер. тақта. | Бастауыш мект. журналы. | 1 | |
| 8 | Жанама сұрақтармен берілген есептер | Пәнге қызығушылығын ояту. | Таратпа. | Математикалық дида. ойындармен қызықты тапсырмалар. | 1 | |
| 2. «Ойнай, ойлай біл»-8- сағат. | | | | | | |
| 9 | Ойнайықта, ойлайық. Ойын есептер шығару. | Деңгейлерін анықтау. | Таратпа тапсырмалар. | Журналдар. | 1 | |
| 10 | «Өрнекті тап» ойыны. (деңгейлік тапсырмалар) | Түсіндіру. | Интер. тақта | Математикалық дида. ойындармен қызықты тапсырмалар. | 1 | |
| 11-12 | Екі таңбалы сандарды қосу, азайту. | Логикасын дамыту. | Интер. тақта. | Математикалық дида. ойындармен қызықты тапсырмалар. | 2 | |
| 13 | Логикалық ойлау есептері. | Түсіндіру. | Интер.тақта. | Логикалық есептер. | 1 | |
| 14 | Танымдық есептер. | Түсіндіру. | Таратпа қағаздар. | Қосымша есептер. | 1 | |

| | | | | | | |
|---|--|-------------------------------|-------------------------|----------------------------------|---|--|
| 15 | Жақшалы есептер. | Білімдерін тексеру. | Таратпа. | Қосымша есептер. | 1 | |
| 16 | Тест тапсырмалары. | Білімдерін тексеру. | Интер.тақта. Тартпалар. | Матем.өзіндік бақылау жұмыстары. | 1 | |
| 3.Геометриялық фигуралар және шамалар-10 сғат. | | | | | | |
| 17 | Фигура бұрыштары. (тік,доғал, сүйір) | Түсіндіру. | Интер.тақта. | Қосымша есептер. | 1 | |
| 18 | Геометриялық фигураларды ажырату. (тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы.) | Түсіндіру, практикалық жұмыс. | Интер.тақта. | Логикалық есептер. | 1 | |
| 19 | Фигураның периметрін табу. | Ойлау қабілетін жетілдіру. | Интер. тақта. | Логикалық есептер. | 1 | |
| 20 | Бір фигурадан бірнеше фигура құрастыру. | Логикасын дамыту. | Үлестірмелі қағаздар. | Қосымша есептер. | 1 | |
| 21 | «Қызықты шаршы» құрастыру есептері. | Түсіндіру. | Геометриялық фигуралар. | | 1 | |
| 22 | Шамалар. Ұзындық бірліктері. | Түсіндіру. | Интер. тақта. | Қосымша есептер. | 1 | |
| 23 | Уақыт бірліктері. | Түсіндіру. | Интер. тақта. | Бастауыш мек.журналы. | 1 | |
| 24 | Сыйымдылық, масса бірліктері. | Ойлау қабілеттерін жетілдіру. | Интер. тақта. | Қосымша есептер. | 1 | |
| 25 | «Көңілді сандар» ойыны. | Түсіндіру. | Таратпа. | Логикалық есептер. | 1 | |
| 26 | «Санамақ» жаттау, шығру. | Түсіндіру. | Үлес.қағаз. | Балдырған журн. | 1 | |
| 4. «Кестелік көбейту мен бөлу».10-сағат. | | | | | | |
| 27 | 6,7-сандарды көбейту мен бөлуге берілген есептер.. | Түсіндіру. | Таратпа. | Баст. мект.журн. | 1 | |
| 28 | Формалар мен өткенді | Түсіндіру. | Интер. тақта. Тартпа. | Қосымша есептер. | 1 | |

| | | | | | | |
|-------|---|----------------------------|-------------------------|---------------------|---|--|
| | бекіту. | | | | | |
| 29-30 | Екі таңбалы санды бір таңбалы көбейту мен бөлу. | Логикасын дамыту. | Үлестірмелі қағаздар. | Қосымша есептер. | 2 | |
| 31 | «Вагон құрастыру» ойыны. | Ойлау қабілетін жетілдіру. | Геометриялық фигуралар. | Бастау. мект. журн. | 1 | |
| 32-33 | «Сиқырлы дөңгелек» ойыны. | Түсіндіру. | Интер. тақта. | Қосымша есептер. | 2 | |
| 34-35 | Қызықты математикалық есептер құрастыру. | Білімдерін тексеру. | Интер. тақта. | Логикалық есептер. | 2 | |
| 36 | Қорытынды лау . | | Таратпа. | Матем. | 1 | |

Әдебиеттер бөлімі

1. Балаларға арналған әдебиеттер:

1. Қазақ ертегілері.
2. «Айгөлек» журналы.
3. «Балдырған» журналы.
4. «Ойнайық та, ойлайық» кітапша.
5. «Ұлан» газеті.
6. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» кітабы
7. «Балбұлақ» журналы.
8. «Балапан» журналы.
9. «Сөзжұмбақтар әлемі» газеті.
10. «Мөлдір бұлақ» журналы.

1. Мұғалімге арналған әдебиеттер.

1. «Бастауыш мектеп» журналдары.
2. «Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар»
Ш.Х.Құрманалина, Қ.Р.Өміртаев. «Атамұра» 2006ж.
3. «Қосымша есептер»
4. Математикадан өзіндік, бақылау жұмыстары. Қ.Әубәкірқызы,
Ә.Наурызбайқызы. Алмат «Рауан» 2008ж.
5. «Математикалық ойындар мен тапсырмалар» М.И.Моро, Н.Ф.Вапняр. Алматы
«Мектеп» 1990ж.
6. Математика 3-класс. Алматы «Рауан» 1996ж.
7. Тест тапсырмалары жинақшасы.
8. «Бастауыш сынып» журналы

«Қаралды» БФ
Пед кеңесте № 1
«31» 08 2022жыл

«Бекітемін» Ж.К.Калиева
Мектеп директоры



«Келісіді» Б.Д.Сейтханов
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

«Математика және логика»

(Белсенді - қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Сыныбы: 3

Пән мұғалім: Жапакова Ж.С.

Ә/Б отырысында қаралды: ЖФ Ж.С.Жапакова

Ә/Б жетекшісі

Хаттама № 1 «29» 08 2022ж

Тексерілді: БФ Б.Д.Куанышева

Оқу ісінің меңгерушісі

ТҮСІНІК ХАТ

Бастауыш сынып- баланың логикалық ойлауының негізгі кезеңі. Өйткені логикалық ойлау кеңірек бейнелі ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптардың математикасы мектептің негізі сатысындағы математика курсының ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған сәйкес бастауыш мектепте математиканы оқыту мынандай жалпы мақсаттарға жетуді көздеймін.

- мемлекеттік білім стандарты деңгейінде білім, білік және дағдыларды игеру;

- «Математика және логика» таңдау курсы танымдық және коммуникативтік іс-әрекетке, өздігінен білім алуға және еңбекке бейімдеу, сондай-ақ ата-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, халықтың және ұлттық болмысты жалпы адамзаттың мәдени мұралармен үндестіру арқылы баланы тұлға ретінде қалыптастыру;

Мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Осы мақсаттарға сәйкес математиканы оқытудың мынандай жалпы міндеттері айқындалады:

1. Оқушының дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымы қиындық деңгейі әр түрлі тапсырмаларды, оқытудың тұлғалық-маңызды мотивтерін қалыптастыратын өздік жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2. Шығармашылық ұстанымы оқушылардың өз бетімен стандартты емес, шығармашылық, логикалық есептердің шешуін табу қабілеттерін қалыптастыруды, жаңа амал-тәсілдерді «ашуды», құзіреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындауды көздейді.

3. Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;

4. Математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;

Оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі сатысында оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай анықталған осы мақсаттар мен міндеттер бастауыш математикалық білімнің және мазмұнын жасаудың, онымен үйлесімді оқытудың әдіс-тәсілдерін, құрал-жабдықтарын және ұйымдастыру түрлерін анықтаудың қажеттігін көрсетеді.

Жалпыға міндетті орта білім беру стандартына сәйкес «Математика және логика» таңдау курсы өзінің дербестігін сақтай отырып, «Математика» білім беру саласының мазмұнына енеді.

Бастауыш мектептегі таңдау курсының негізгі мақсаты-оқушылардың сандық сауатын қамтамасыз ету, натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдануды үйрету, сондай-ақ логикалық есептерді шығаруды үйрету.

Ұсынылып отырған білім мазмұны:

1. 3сынып оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және дамыту талаптары мен мақсатына сәйкес;
2. 3сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай; қоршаған ортаның, әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің, ана тілінің өзіндік ерекшеліктерін бейнелейді және халықтық педагогиканың элементтерін пайдалануға мүмкіндік береді;
3. Бір сарындылықты және орынсыз қайталауды болдырмай сабақтаса дамуды қамтамасыз етеді, өйткені ол оқушылардың дайын болуына орай білімді горизонталь және вертикаль бойынша толықтыра және кеңейте түсуге мүмкіндік беретін сызықты сатылы және блокты-модульді құрылымды жүзеге асырады;
4. Оқушылардың мектепалды дайындықтарының нақты деңгейін ескере отырып оқу материалын мектептің бастауыш сатысындағы әрбір сынып бойынша тиімді бөлінуін қамтамасыз етеді;
5. Арифметикалық, алгебралық және геометриялық материалдардың пәнішілік үйлесімді байланыста болуын және олардың өзара әсерлесуін және бірін-бірі байыта түсуін қамтамасыз етеді;
6. Мектептің бастауыш сатысындағы басқа оқу пәндерінің мазмұны мен пәнаралық байланыстар ескеріледі;
7. Теориялық және практикалық мәселердің үйлесімді ара қатынасын жүзеге асыру арқылы математикалық заңдылықтар, ережелер мен қорытындылардың өмір қажеттігі мен мұқтаждығынан туындайтынын көрсетіп беруге мүмкіндік жасайды;

Курстың міндеттері:

1. Мың көлеміндегі сандар. Мың көлеміндегі сандарды қосу және азайту. Мың көлеміндегі сандарды көбейту және бөлу. Сандардың нумерациясы және арифметикалық амалдармен таныстыру.
2. Өрнектерге, санды теңдіктер және санды теңсіздіктерге, теңдеулерге есептер шығаруды үйрету.
3. Геометриялық денелермен таныстыру. Аудан жөнінде түсінік беру. Палетканың көмегімен аудын табуды үйрету.
4. Шамалар және сандардың нумерациясымен таныстыру. Оларды өлшеу және салыстыру. Шамалар арасындағы тәуелділік жөнінде түсінік беру.
5. Есептер шығаруды үйрету.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар математикалық тілде сөйлеуге машықтанып, ой-өрісін, қабілетін дамытады. Кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, логикалық ойлауы артады;
2. Оқушылардың оқу дағдылары дамиды, ізденеді, ойларын жеткізеді;
3. Танымдық іс-әрекеті, тапқырлығы артып, қызығушылығы оянады.
4. Математикалық білімді тұрмыста қолдана білуге үйренеді;
5. Өз бетімен білім алу арқылы нәтижеге жетеді. Сол арқылы:
 - сыныптың білім сапасын арттырады;
 - өз бетімен ізденеді;
 - білім жарыстарына қатысады;
 - алған білімдерін тұрмыста пайдалана алады.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Бағдарламаның мақсатына сәйкес оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар математикалық газет шығару, математикалық саяхаттар мен сайыстар ұйымдастыру, викториналар, ребустар мен жұмбақтар құрастырып, олардың шешімін табуға мүмкіндіктер туғызу арқылы математикалық сауаттылықтарын тереңдету жүзеге асады. Осы бағытта жасалған оқушылардың іс- әрекеті қалыптастырушы бағалау арқылы қолдау тауып отырады.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау барысында оқушылар: өз ойын еркін жеткізіп, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істей жүріп ынтымақтастыққа ұмтылады, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, өз пікірін дәлелдей алуға үйренеді.

Мұндағы қалыптастырушы бағалау:

- тиімді кері байланыс беру,
- түртіп алу арқылы бағалау,
- ауызша және жазбаша бағалау,
- сұрақ қою арқылы бағалау,
- өзін-өзі бағалау,
- өзара бағалау және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Мұғалім тарапынан:

- сабақ мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін анықтап, оқушыларға ұсыну;
- оқушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен оқу ортасын құру;
- оқушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру қамтамасыз етілуі қажет.

Мазмұндық бөлім

1.Мың көлеміндегі сандар.Сандарды оқу,жазу,салыстыру,қосу және азайту. (9сағат)

Мың көлеміндегі сандарға арифметикалық амалдардың қасиетін меңгерту.

2.Көбейту және бөлу.(17 сағат)

3.Теңдеу.Өрнек.(3 сағат)

Құрылымы күрделі теңдеулерді табу тәсілдері.

4.Геометриялық денелер. (5 сағат)

Периметр табуға арналған есептерді шығаруды үйрету.Көпбұрышты еркін өлшеммен сызу және оның элементтерін анықтау.Ұзындық масса ,уақыт,сыйымдылық бірліктеріне байланысты есептер шығару.Геометриялық фигуралармен түрлі математикалық ойын есептерді орындату.

5.Логикалық тапсырмалар.(2 сағат)Логикалық ойлау қабілеттерін

дамытуға арналған есептер шығаруға үйрету,танымдық белсенділігін арттыруға арналған тапсырмалар орындату.Логикалық оқыту тапсырмаларына назар аудару,елестету,сақтау,зейінді дамыту және ойша тұжырымдама жасауға қалыптастыра отырып орындату.

Нормативтік бөлім

| к/ с | Тақырыптар | Сағат саны | Мерзімі |
|---------|--|---------------|---------|
| 1 | Үш таңбалы сандар | 1 | |
| 2 | Мың | 1 | |
| 3 | Айнымалысы бар өрнек | 1 | |
| 4 | Ұзындық,Есепті шығару | 1 | |
| 5 | Миллиметр,сантиметр | 1 | |
| 6 | Масса өлшем бірліктері | 1 | |
| 7 | Километр | 1 | |
| 8 | Жақшасыз және жақшалы өрнектер | 1 | |
| 9 | Үлес | 1 | |
| 10 | Тіктөртбұрыштың ауданы. | 1 | |
| 11 | Шаршының ауданы және периметрі. | 1 | |
| 12 | Периметр | 1 | |
| 13 | Үш таңбалы сандарды баған түрінде қосу және азайту | 1 | |
| 14 | Дөңгелек сандарды көбейту | 1 | |
| 15 | Кестеден тыс көбейту және бөлу. | 1 | |
| 16 | Қалдықпен бөлу | 1 | |
| 17 | Құрылымы күрделі теңдеулерді шешу | 1 | |
| 18 | Күрделі теңдеулерді шешу | 1 | |
| 19 | Теңдеулерді шешуді бекіту | 1 | |
| 20 | Текше | 1 | |
| 21 | Параллелепипед | 1 | |
| 22 | Екі таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту | 1 | |
| 23 | Үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту | 1 | |
| 24 | Екі таңбалы сандарды бір таңбалы санға бөлу | 1 | |
| 25 | Үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға бөлу | 1 | |
| 26 | 104 түріндегі көбейту | 1 | |
| 27 | 728 түріндегі бөлу | 1 | |
| 28 | Баған түрінде көбейту | 1 | |
| 29 | Баған түрінде бөлу | 1 | |
| 30 | Бірнеше амалмен жақшасыз санды өрнектерді шығару | 1 | |
| 31 | Бірнеше амалмен жақшалы санды өрнектерді шығару | 1 | |
| 32 | Бірнеше амалмен жақшалы санды өрнектерді шығару | 1 | |
| 33 | Бірнеше амалмен шығарылатын есептер | 1 | |
| 34 | Бірнеше амалмен шығарылатын есептер | 1 | |
| 35 | Логикалық тапсырмалар. | 1 | |
| 36 | Логикалық тапсырмалар.Қорытынды | 1 | |

Мұғалім пайдаланған әдебиеттер.

- 1.Жаманғараева Н.,Асылбекова Ф.А. «Математика 105 сабақ»
- 2.К.Ерешева,А.Нарымбетова .Математика (Өзіндік және бақылау жұмыстары.
- 3 Курилинская Л.В. «Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде»
- 4.Бейсеков Ж, Қамбарова Ж,Шклярова Т. «Сіздің балаңызды есеп шығаруға қалай үйрету керек ?»
5. «Кенгуру» есептерінің жинағы.
6. «Ақбота» есептерінің жинағы.
- 7.Т.К.Жикалкина «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар».

Оқушы пайдаланатын әдебиет:

- 1.Қызықты математика 3 сынып, «Алматы кітап»
- 2.Математика 3сынып, «Алматы кітап»
- 3 «Айгөлек» республикалық балаларға арналған журналдары
- 4.Математика пәні бойынша тесттер жинағы. 1-4 сынып.
- 5.«Санамақтар» «Атамұра»
6. « Жұмбақтар» «Атамұра»
- 7.«Балдырған» республикалық балаларға арналған журналдары

«Қаралды» Б.Д.
Пед кеңесте № 7
«31» 08 2022жыл

«Бекітемін» Ж.К.Қалиева
Мектеп директоры

«Келісінді» Б.Д.Сейітханов
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

«Қызықты математика»

(Белсенді - қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Сыныбы: 1

Пән мұғалім: Бектебай Г.С.

Ә/Б отырысында қаралды: Ж.С. Ж.С.Жапақова

Ә/Б жетекшісі

Хаттама № 1 «29» 08 2022ж

Тексерілді: Б.Д. Б.Д.Қуанышева

Оқу ісінің меңгерушісі

2022-2023 оқу жылы

Түсініктеме

6-7 жастағы баланың абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

- геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;
- жиынмен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;
- математикалық басқатырғыштар;
- логикалық қортындылар;
- лабиринттер;
- көңілді жаттығулар;
- сөзжұмбақтар;

Білім беру мақсаты:

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Міндеті:

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Білімі мен білігі бойынша:

0-ден 10-ға дейінгі сандарды, орналасу ретін, санауды, сандарды оқып және жаза білуі тиіс. 10-нан 100-ге дейінгі сандарды оқып және жаза білуі керек.

Оқушы білуі керек:

- кері есептер құрастыруды;
- жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- геометриялық фигураларды ажыратуды , тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- шамалар мен ұзындық бірліктерін.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Бағдарламаның мақсатына сәйкес оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар математикалық газет шығару, математикалық саяхаттар мен сайыстар ұйымдастыру, викториналар, ребустар мен жұмбақтар құрастырып, олардың шешімін табуға мүмкіндіктер туғызу арқылы математикалық сауаттылықтарын тереңдету жүзеге асады. Осы бағытта жасалған оқушылардың іс- әрекеті қалыптастырушы бағалау арқылы қолдау тауып отырады.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау барысында оқушылар: өз ойын еркін жеткізіп, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істей жүріп ынтымақтастыққа ұмтылады, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, өз пікірін дәлелдей алуға үйренеді.

Мұндағы қалыптастырушы бағалау:

- тиімді кері байланыс беру,
- түртіп алу арқылы бағалау,
- ауызша және жазбаша бағалау,
- сұрақ қою арқылы бағалау,
- өзін-өзі бағалау,
- өзара бағалау және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Мұғалім тарапынан:

- сабақ мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін анықтап, оқушыларға ұсыну;
- оқушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен оқу ортасын құру;
- оқушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру қамтамасыз етілуі қажет.

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны

I бөлім "Заттардың қасиеті" 9 сағат

Заттардың қасиетін табу керек, заттарды салыстырады, кесіндінің сиқыры, бөлу, құрастыру, қосу, азайту, теңдік құру, тең, артық, кем, сонша, сурет бойынша өрнек құру, бөлімді қорытындылау ретінде бақылау жұмысы алынады.

II бөлім Математикалық ойындар-7 сағат

Оқушылармен білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. Сурет бойынша теңдіктер құру, Кел, ойнайық! Салыстырудың құпиясы, Кім жүйрік? "Математикалық тізбектер", Есептер еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады.

III бөлім Есептер еліне саяхат- 9 сағат

Эстафеталық ойлау есептерімен қызығушылықтарын туғызып, ойната отырып есептерді шығарту. Есептер еліне саяхат, «Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару, Сурет бойынша есептер шығару, Математикалық диктант, Логикалық есептер, "Ойлан тап", Артық-кем, қымбат-арзан, Логикалық есептер, бөлімді қорытындылау ретінде бақылау жұмысын жаздыру.

IV бөлім Сандар сыры- 10 сағат

Сандар сыры, "Математикалық тізбек" ойыны, "Әріпті өрнектер" еліне саяхат, Кел, ойнайық!, "Ойлан тап", «Жас математиктер» турнирі, Ондықтар еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде өзіндік жұмыс алынады. Логикалық ойлау есептері, тестер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

Қызықты математикалық есептер құрастыру, шешімдерін табу, бір-бірін тексере алуға баулу. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім деңгейлерін бақылау.

Нормативтік бөлім

| № | Тақырып мазмұны | Сағат саны | Мерзімі |
|---|--|------------|---------|
| I бөлім 9 сағат Заттардың қасиеті | | | |
| 1 | Сиқырлы суретші | 1 | |
| 2 | "Ұқсастығын тап, айырмашылығын ажырат" | 1 | |
| 3 | Кесіндінің сиқыры | 1 | |
| 4 | "Пазл" құрастыру | 1 | |
| 5 | Біз есептей аламыз | 1 | |
| 6 | Сурет бойынша теңдік құр | 1 | |
| 7 | Салыстырудың құпиясы. Кім жүйрік? | 1 | |
| 8 | Сурет бойынша өрнек құру | 1 | |
| 9 | Өзіңді-өзің тексер. | 1 | |
| II бөлім 7 сағат Математикалық ойындар | | | |
| 10 | Сурет бойынша теңдіктер құру | 1 | |
| 11 | Кел, ойнайық! | 1 | |
| 12 | Салыстырудың құпиясы | 1 | |
| 13 | Кім жүйрік? | 1 | |
| 14 | "Математикалық тізбектер" | 1 | |
| 15 | Есептер еліне саяхат | 1 | |
| 16 | Өзіндік жұмыс | 1 | |
| III бөлім 9 сағат Есептер еліне саяхат | | | |
| 17 | Есептер еліне саяхат | 1 | |
| 18 | «Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару | 1 | |
| 19 | Сурет бойынша есептер шығару | 1 | |
| 20 | Математикалық диктант | 1 | |
| 21 | Логикалық есептер | 1 | |
| 22 | "Ойлан тап" | 1 | |
| 23 | Артық-кем, қымбат-арзан | 1 | |
| 24 | Логикалық есептер | 1 | |
| 25 | Бақылау жұмысы | 1 | |
| IV бөлім 10 сағат Сандар сыры | | | |
| 26 | Сандар сыры | 2 | |
| 27 | "Математикалық тізбек" ойыны | 2 | |
| 28 | "Әріпті өрнектер" еліне саяхат | 1 | |
| 29 | Кел, ойнайық! | 1 | |
| 30 | "Ойлан тап" | 1 | |
| 31 | «Жас математиктер» турнирі | 1 | |
| 32 | Ондықтар еліне саяхат | 1 | |
| 33 | Білімді тиянақтау. Тест. | 1 | |
| | Барлығы | 35 | |

Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы.
2. Тестер жинағы. Алматы.Өнер 2005 баспасы.
3. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде. Шымкент. 2003
4. Математикалық жазулар. Алматыкітап баспасы, 2012
5. Қызықты математика Алматы кітап 1998.
6. «Ойнайық та, ойлайық» Алматы кітап 1996.
7. «Кім зерек?» Алматы 1993.
8. «Сказочные задачи» 1 сынып О.В.Лысова, О.В.Кутянина
9. «Қызықты математика» Ә.Б.Ақпаева,Л.А.Лебедева, В.В.Бурова «Алматыкітап» 2011ж.
10. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар» Ш.Х.Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Атамұра» 1997 ж.
11. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К.Жикалкина, Алматы «Рауан» 1992ж.
12. Линго Т.И. Ойындар, ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар.- Ярославль: Даму академиясы,2002 ж.
13. К.Ерешева, С, Төрениязова , А.Нарымбетова Математикадан өзіндік және бақылау жұмыстары. 2010 ж.
14. Ә.Б.Ақпаева Математика 1 сынып 2009

Оқушыларға ұсынылған әдебиеттер

1. Оқушының анықтамалығы 1-4 сынып «Алматыкітап баспасы» 2009
2. Математика пәні бойынша тест тапсырмаларының жинағы
«Келешек-2030», 2008
3. «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдары

№ 1 «31» 08 2022 ж
Педкеңесте қаралды

Бекітемін: Ж.К.Калиева

«Қыналы НОББМ»-нің директоры



Келісілді: Б.Д.Сейлханов

Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

«Жаһандық құзыреттілік»

Сыныбы: 6

Орындады Канапин А.Т.

Биология пәні мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: З.Н.Каржаубаева (Ә/Б жетекшісі)

З.Н.Каржаубаева

№ 1 хаттама 29 күні 08 айы 2022 ж

Тексерілді: Б.Д.Куанышева

өкү ісінің орынбасары

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

6-сынып оқушыларына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» факультативті курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- 1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- 2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
- 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарлама бойынша оқушылар нені меңгеруі тиіс

- 1) әлеуметтік жауапкершілік;
- 2) сыни, креативті және шығармашылық ойлау;
